

**"Қазақ университеті" баспасын Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің "Санат" мемлекеттік баспасы деп атау туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 қазан 1993 ж. N 1058

Білім беретін оқу орындары мен мекемелерін оқу, ғылыми, оқу-әдістемелік және басқа арнаулы әдебиетпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің "Қазақ университеті" баспасы Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің "Санат" мемлекеттік баспасы деп аталсын, оның орналасқан алаңы өзінде сақталсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1993 жылдан бастап жыл сайынғы болжам-жоспарларында "Санат" баспасына полиграфиялық жабдықтар сатып алуға және материалдық-техникалық базасын нығайтуға нысаналы түрде Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістер қорынан күрделі қаржы бөлінуін көздерін.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі жыл сайын "Санат" баспасына тиісті полиграфиялық қуаттар бөлетін болсын және оқу мен оқу-әдістемелік әдебиет шығару үшін материалдармен қамтамасыз етуге көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі